


Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым вице-министрә

Э. Суханбердиева
2017 жылғы «10» ақпан

**2016-2017 оқу жылында жаңартылған білім беру мазмұны аясында
жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру
ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктеріне критериалды
бағалау өткізудің тәртібі туралы
нұсқаулық**

1. Жалпы ережелер

1. Осы 2016-2017 оқу жылында жаңартылған білім беру мазмұны аясында жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктеріне критериалды бағалау өткізудің тәртібі туралы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктеріне критериалды бағалау өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалауды қамтиды.

2. Қалыптастырушы бағалауды өткізу тәртібі

3. Қалыптастырушы бағалау оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына жетуге көмектеседі, қиындықтың алдын алуға мүмкіндік береді, оқу үдерісінде білім алушылардың білімі мен дағдыларының қалыптасу, білімді меңгеру деңгейін анықтайды.

4. Қалыптастырушы бағалау сабақта бағалаудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, жүзеге асырылады.

5. Қалыптастырушы бағалауды мұғалім кері байланысты іске асыру үшін және оқу үдерісін түзету үшін жүргізеді. Қалыптастырушы бағалаудың тапсырмаларын мұғалім өз бетінше дайындайды немесе қалыптастырушы бағалау бойынша ұсынылған тапсырмалар жинақтарын пайдаланады. Қалыптастырушы бағалау бойынша есеп беру құжаттамасы талап етілмейді.

6. Қалыптастырушы бағалау кезінде балл және баға қою жүргізілмейді.

7. Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелері білім алушылар мен олардың ата-аналарына кез келген нысанда жеткізіледі.



8. Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін тіркеудің нысанын мұғалімнің өзі анықтайды. Ұсынылған бақылау парақтарының үлгісі міндетті болып табылмайды.

9. Қалыптастырушы бағалау нәтижелері мұғалімнің есеп беру құжаттамасы болып табылмайды.

3. Жиынтық бағалауды өткізу тәртібі

10. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптарды оқуды аяқтағаннан кейін және тоқсан соңында білім алушылардың ілгерілеуі туралы ақпаратты балл және баға қоя отырып, мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға жеткізу мақсатында өткізіледі.

11. «Өзін-өзі тану», «Музыка», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Жартыжылдық соңында және оқу жылының соңында «сынақ» қойылады.

12. Бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары білім алушылардың оқу бағдарламаларындағы тек өткен материалдарын қамтуы тиіс.

13. Жиынтық бағалау бойынша жұмыстарды орындау барлық білім алушылар үшін міндетті.

14. Бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды қайта орындауға рұқсат етілмейді.

15. Жиынтық бағалаудың тапсырмаларын мұғалім өз бетінше дайындайды немесе жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдарда ұсынылған тапсырмаларды пайдаланады. Мұғалім жиынтық жұмыстардың бірнеше нұсқасын пайдалана алады.

16. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы негізінде әзірленеді. Спецификациялар барлық орта білім беру ұйымдары үшін бірдей.

17. Тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің 4 түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша өткізіледі. Тыңдалым мен айтылымды бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған апта ішінде сабақта жүргізіледі.

18. Тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін мұғалімдер модерация үдерісін өткізеді.

19. Модерация отырысында мұғалімдер жиынтық жұмыстарды балл қою кестесіне сәйкес талқылайды, қажет болған жағдайда балл қою кестесіне өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ұжымдық түрде енгізеді. Модерация аяқталған соң хаттама толтырылады.

20. Модерация қорытындысы бойынша балдарын өзгертуге жататын білім алушылардың жиынтық жұмыстары қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша жиынтық жұмысқа қойылған балл жоғары балға, сондай-ақ, төмен балға да өзгертілуі мүмкін.

Жоннаер

21. Жиынтық бағалауды өткізу күні белгілі себептермен (ауыруына, жақын туыстарының қазасына, конференция, олимпиада және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты) келмеген білім алушы мектепке келген соң екі апта ішінде жиынтық бағалауды өтуі қажет.

22. Білім алушы екі аптаға дейін белгілі себептермен (ауыруына, жақын туыстарының қазасына, конференция, олимпиада және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты) болмаған жағдайда мектепке келген соң екі апта ішінде жиынтық бағалауды өтуі қажет.

23. Білім алушы екі аптадан артық белгілі себептермен (ауыруына, жақын туыстарының қазасына, конференция, олимпиада және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты) болмаған жағдайда мектеп құрған жеке кестеге сәйкес жиынтық бағалауды өтуі қажет.

24. Бөлім/ортақ тақырып және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелері болмаған жағдайда тоқсандық және жылдық қорытынды баға қойылмайды. Бұл жағдайда білім алушы уақытша бағаланбаған болып есептеледі.

25. Жергілікті атқарушы органға үлгерім бойынша есеп беру оқу тоқсаны аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Үлгерім бойынша есеп беру кезінде уақытша бағаланбаған білім алушылар ескерілмейді, олардың үлгерімі бойынша есеп қосымша беріледі.

26. Білім алушының портфолиосына оның жиынтық жұмыстары салынады. Портфолиоға қосымша материалдарды мұғалім мен білім алушы өз қалауы бойынша салады.

27. Осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында көрсетілген балдарды бағаға ауыстыру шкаласына сәйкес білім алушылардың жиынтық бағалау бойынша балл түріндегі нәтижелері тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

28. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері туралы ақпарат білім алушылар мен ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне қағаз немесе электрондық түрде ұсынылады.

29. 1-сыныпта бірінші жартыжылдықтың оқу материалын меңгеру деңгейіне жиынтық бағалау жұмысы жүргізілмейді. Тоқсандық бағалар тек 3-ші, 4-тоқсандарда қойылады.

30. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінің негізінде 50% де 50% пайыздық қатынасында тоқсандық баға қойылады.

31. 1-сыныпта 3-ші және 4-тоқсандардағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің негізінде 50% де 50% пайыздық қатынасында жылдық баға қойылады.

32. Ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің шешімі негізінде қайта оқу жылына қалдыру ұсынылған білім алушылардан басқа 1-сыныптың білім алушылары қайта оқу жылына қалдырылмайды.

33. Бір немесе екі пән бойынша қанағаттанарлықсыз жылдық бағалары бар 2-сыныптың білім алушылары үшін оқу жылының материалдары мазмұнын қамтитын жиынтық бағалау қайта ұйымдастырылады. Оқу жылының

Жошмаев 

материалдарының мазмұнын қамтитын қайта жиынтық бағалау оқу жылы аяқталғаннан кейін 3 аптадан соң өткізіледі.

«3», «4», «5» деген бағалар алған жағдайда білім алушылар келесі сыныпқа көшіріледі.

34. Үш және одан да көп пән бойынша қанағаттанарлықсыз жылдық бағалары бар 2-сыныптың білім алушылары қайта оқу жылына қалдырылады.

35. Тоқсандық және жылдық бағаларды қайта қарауға рұқсат етілмейді.

36. Білім алушыларды денсаулығына байланысты дене шынықтыру сабағынан босату олардың келесі сыныпқа көшірілуіне әсер етпейді.

37. kundelik.kz жүйесінің электрондық журналы жұмыс істеп тұрған жағдайда жаңартылған білім мазмұнын іске асыратын сыныптарда қағаз журналын толтыру жүргізілмейді.

Тоқсан қорытындысы бойынша электрондық журналдық барлық парақтары басылып шығарылады, тігіледі, нөмірленеді, мөрмен және білім беру ұйымы басшысының қолымен куәландырылады.

38. Мектепте электрондық журнал (kundelik.kz) болмаған жағдайда мұғалім электрондық журналдың уақытша нысанын және қағаз журналды пайдаланады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 531 бұйрығымен («Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланылатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы) бекітілген журналдың форматына сәйкес келмейтін қағаз журнал жүргізілген жағдайда нәтижелерді қою осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

39. Жаңартылған білім мазмұнының апробациясына қатысушы сыныптар үшін мұғалім электрондық журналдың уақытша нысанын және қағаз журналды пайдаланады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 531 бұйрығымен («Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланылатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы) бекітілген журналдың форматына сәйкес келмейтін қағаз журнал жүргізілген жағдайда нәтижелерді қою осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Білім алушы басқа мектептен ауысқан жағдайда оның жиынтық бағалау бойынша нәтижелері (бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың балдары) электрондық журналға білім алушының ең жоғары балдарын ескере отырып, көшіріледі.

Мотинаев А

2016-2017 оқу жылында жаңартылға
білім беру мазмұны аясында
жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын
жүзеге асыратын
білім беру ұйымдарында білім
алушылардың оқу жетістіктеріне
критериалды бағалау өткізудің
тәртібі туралы нұсқаулыққа 1-қосымша

**Балды бағаға ауыстыру шкаласы
(бастауыш мектеп үшін)**

| Жиынтық бағалау балының пайыздық мазмұны | Бағалау көрсеткіші | Баға |
|---|---------------------------|-------------|
| 0 % | Бағаланбады | «1» |
| 1%–20% | Қанағаттанарлықсыз | «2» |
| 21%–50% | Қанағаттанарлық | «3» |
| 51%–80% | Жақсы | «4» |
| 81%–100% | Өте жақсы | «5» |

Монисел 

